ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

СОЗАҚ АУДАНЫ
ӘКІМДІГІ

АКИМАТ
СОЗАКСКОГО РАЙОНА

ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

ҚАУЛЫ

25.04.2019 ж

Шолаққорған ауылы

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№ 110

село Шолаккорган

Аудан әкімдігінің 02.10.2018жылғы «Созақ ауданы әкімдігінің білім бөліміне қарасты білім беру ұйымдарының Жарғыларына өзгертулер енгізу туралы» №363 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» №148 Заңының 31-бабының 2-тармағына, 37 бабына, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2017 жылғы 11 маусымдағы 2018-2020 жылдарға арналған цифрлық экономика үшін адами капиталды дамыту жөніндегі жол картасының 1.12 тармағына, 2019 жылғы 4 сәуірдегі «Түркістан облысының кейбір білім беру мекемелерін қайта атау туралы» №158 қаулысына сәйкес, Созақ ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қосымшаға сәйкес, Созақ ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 2 қазандағы «Созақ ауданы әкімдігінің білім бөліміне қарасты білім беру ұйымдарының Жарғыларына өзгертулер енгізу туралы» №363 қаулысының қосымшасындағы 2-тармағының 1-тармақшасындағы «Созақ ауданы әкімдігінің білім бөлімінің «Шолаққорған» жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің атауы өзгертіліп, «Созақ ауданы әкімдігінің білім бөлімінің Нәзір Төреқұлов атындағы IT-мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі болып жаңа редакцияда бекітілсін.

2. «Созақ ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 2 қазандағы «Созақ ауданы әкімдігінің білім бөліміне қарасты білім беру ұйымдарының Жарғыларына өзгертулер енгізу туралы» №363 қаулысына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды Қазақстан Республикасы қолданыстағы заңнамаларына сәйкес аудандық Әділет басқармасынан тіркеуден өткізуді «Созақ ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі (Н.Айдаров) қамтамасыз етсін.

3.Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б.Айдарбековке жүктелсін.

Аудан әкімі **С.Полатов**

Б.Т.Әлмағанбет
Б.Б. Айдарбеков
А.Б.Сатыбалды
Е.А.Айдарбеков
Б.Әбенұлы
Н.Т.Айдаров

ШҚ Сатыбалды
Орындаған: Н.Айдаров
Т.Т.Жұмбаев

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ
"СОЗАҚ АУДАНЫ ӘКІМІ АППАРАТЫ"
МЕМЛКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
КӨШІРМЕ ДҰРЫС
"21" 05 2019 Ж.

000124